

егемен

Қазықастан

## Тарихты зерделеу – ұрпақ міндеті

Ерлікті дәріптеу, бүгінгі ұрпаққа жеткізу маңызды. Осы орайда Түркістан облысындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы филиалында Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігіне құрмет көрсету, есімін ардақтау, жастардың бойына отансүйгіштік құндылықтарды дарыту, патриотизмге тәрбиелеу мақсатында «Рақымжан – Жеңіс сарбазы!» ерлікке тағзым эстафетасы өтті.



Әскери-патриоттық клубтар, кадет сыныптарының, әскери мектеп-интернаттардың және «Жас Ұлан» республикалық мектептерінің оқушылары, 6506 әскери бөлімшесі, Төлеби аудандық шекара басқармасы, Екінші дүниежүзілік соғыс және Ауған соғысының ардагерлері, Щучье, Қапшағай қалаларындағы «Балдәурен» РОСО филиалдары өкілдері офлайн қатысқан іс-шарада батырдың ерлік жолы баяндалды. Күні кеше Ресей СІМ жария еткен деректер де оқылды. Рақымжан Қошқарбаев шайқасқан 150-ші атқыштар дивизиясы 1945 жылдың 30 сәуірінде, Рейхстагқа шабуыл жасайды. Жаңбырдай жауған оқтан жасқанбаған лейтенант Рақымжан Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Григорий Булатов, фашистер тірегінің кеңсесіне бәрінен бұрын жетіп, жеңіс туын Рейхстагтың бірінші қабатына тігеді. Осы ерлігі үшін 150-ші дивизия басшылығы қазақ жауынгеріне «Кеңес Одағының Батыры» атағын беру туралы ұсыныс жолдайды. Алайда сол кездегі КСРО басшылары әділетсіз шешім қабылдап, Қошқарбаевқа ең жоғарғы награданың орнына Қызыл Ту орденін береді. Ол, сондай-ақ I дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарымен марапатталды. Арада жарты ғасыр өткен соң, ресми Мәскеу

тарихи қателікті түзетіп, қазақ батырының ерлігін мойындауға мәжбүр болады. Тарихи деректерге сәйкес, сол күні Рейхстагтың төбесінде 40 жалау желбіреген екен. Алайда олардың тек тоғызы ғана Жеңіс туы, қалғандары шабуылға қатысқан әскери бөлімшелердің байрақтары көрінеді. Қазақ батырының нағыз Жеңіс туын бәрінен бұрын тіккені бүгінде әбден дәлелденді. Ерен ерлігімен ел есінде қалған батыр 1988 жылы дүниеден өтті. «Халық Қаһарманы» атағы Р.Қошқарбаевқа 2001 жылы берілді. Осындай деректерді келтірген «Ерен еңбегі» үшін және Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, «Қазақстандық жас патриоттар академиясы» негізін қалаған Мұхитдин Төлепбай жастарды отансүйгіштікке шақырып, ел тарихын терең тануға, ерлікті құрметтеуге үндеді. Ал «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының директоры Сержан Әлібаев эстафетаның мән-маңызына тоқталып, жастардың білімді болуы қазіргі заманның басты талабы екенін атап өтті. Филиал директоры Д.Босымбаев «Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев» тақырыбында баяндама жасады.

Сондай-ақ эстафета барысында жас патриоттарды академияға қабылдау рәсімі өткізілді.